

№ 2006

11810К

3
СІЕРІ
ДЕПУТТЕР
КІТАПХАНАСЫ



БАПЫРЛАР ЖЫРЫ


3







БАҒЫРЛАР ЖЫРҒЫ



Алматы
“ЖАЗУШЫ”
2006

ББК83.3(5Қаз)
Б 27

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Редакторы *Есенбай Дүйсенбайұлы*

Б 27 **Батырлар жыры. 3-том.**— Алматы: Жазушы, 2006. —
296 бет.
ISBN 9965-746-72-9

Бұл томға енген дастандардың бәрі де Мұрын жы-
раудың «Қырымның қырық батыры» нұсқасы бойынша
берілді.


Б $\frac{4702250205-12}{402(05)-06}$

ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 9965-746-72-9 (т. 3)
ISBN 9965-746-69-9

© «ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, 2006.

കരകരകരകരകരകര,
നാദകരകര, കരകരനാ





Асан бұрын Асан мырза еді, өзі бай еді. Бір уақытта ноғайды жиналып отырғанда ноғайдың ішінен біреуі: «Бір дарияда адам көрмеген бір балық бар екен»,— деді. Асан мырзаның бір досы бар екен, сол досын шақырып алып, сол балықты көру үшін жүріп кетеді. Барса, біреулер дарияға екі ау салып жатыр екен. Бір аудың балығын Асанға береміз дейді. Ол аудан балық көп шығады.

Бір перінің қызы бар еді, оның жеті ағасы бар еді. Сонда қыз тұрып жеті ағасына айтушы еді: «Аға, мені адам баласына қос»,— деуші еді. Сонда ағалары сандық жасатып, оның сыртын күміспен қаптан дарияға салып жібереді екен. Ауды екінші рет салғанда ауға сандық ілініп шығып еді, сонда Асан көпке қарап: «Ал, жамағат, сендер не ішін, не сыртын алыңыз»,— деді. Сонда жамағат тұрып: «Біз жарлымыз, көрініп тұрған күмісгі аламыз»,— деді. Асан мырза ішін алатын болды. Сандықты ашып жіберіп еді, ішіндегі шынайы сұлу қызды көрді. Асан балықты алмай, қызды алып, еліне кете берді. Келе жатқанда қыз Асан мырзадан үш нәрсе сұрады: «Бірінші, жатқанда етімді сипама»,— деді. «Екінші, кетіп бара жатып қайтып келіп үйді сығалама, үшінші, үш жылға дейін сөйлемеймін, соған дейін маған сөйлеме, бұл жағдайымды жанға айтна»,— дейді.

Халық аузы жоқ, тілі жоқ, сақау қызды көріп, Асанды келеменшеді. «Асан мырза жұрттан қалған сақауды алып келіпті»,— деді. Сонан кейін Асан ойлады, оны бір кісіге тапсырды: «Осыны базарға апар, жақсыны, жаманды көріп, сөйлер»,— деп ойлады. Базарға анарып еді, онда да сөйлемеді. Сонан кейін: «Түз артқан түйеге мінгізіп жүргіз, түйеге екі саба қымыз арт, сорға барған соң, қымызы шешіп жібер, қымыз төгілгенде, төгілді деп айтар ма екен»,— деді. Түйені сордың үстімен жүргізді, сосын қымызды шешіп жібергенде, төгілген қымызды көріп, қыз жерге түсіп, қымыздың аузын байлап, өзі сорды баспай, жүріп кетті. Содан кейін Асан мырза да бір құрдасының аулына кетті. Құрбысы Асанға былай деді: «Әй, Асан, сен менің құрбымсың, сен құлағы жоқ саңырау, тілі жоқ сақауды алғаның не, сенің малың жетпей ме, тоқсан баулы ноғайдан тілі бар әйел ал, егер малың жетпесе, менің малым-

ды коса бер.— деді.— Осы ноғай «сенің құрдасың Асан ғой, сен де сақау, санырау ал» дейді. Сенің үшін мені қорлайды»,— деді. Сонда Асан тұрып: «Үш жылда сөйлермін деп еді. сосын алып едім»,— деді. Сонан кейін ауылға қайтып келсе, қатыны тыр жалаһан ұшайын деп отыр.

«Әй, Асан мырза, мен сенің ер деп етегінен. нар деп білегіңнен ұстап едім. Үш нәрсе тілеп едім. бердім деп едің. көне. бергенін»,— деді. «Қолтығымды сипама деп едім, оны істемедің. екіншіден, шығып кетіп жабықтан карама дедім, оны да істемедің. карап қойдың, үшіншіден, үш жылда сөйлейді деп жанға айтпа деп едім, оны да айтып қойдың. мені мал дедің бе. базарға шығардың. қып-қызыл қаннан аппақ сүт шығатын еді. оны төктірдің. әйел баспайтын тұзды бастырдың. Тұз адамның тамағының дәмін келтіруші еді, оны лас еркек баспайтын еді. Енді мен саған жоқпын, сен маған жоқсың»,— деп шанырақтан шығып кетті. «Менде бес айлық балаң бар еді, оны Мысырға туып кетермін, содан аларсың»,— деді. Содан кейін Асан қатынының күйігімен жеті жыл желмаймамен жер қарап кетті. Содан Асан қайғылы болып жүріп Асанқайғы атаныпты.

Сол жер караумен жүріп, Асан Нұрдың карабайырын тапты.

Асанның жалғыз баласы болады. Оның аты Абат болады.

Бір күндерде Әділ Жәнібек хан Аштарханды салдырып, қалың ноғайды шақырып той қылып, Асан қайғылы болды деген сон. Асанды шақырды. Асан оған бармады, сонан соң бала піштіріп той қылды, соған шақырып еді, Асан қайғылы оған барды. Сонда Әділ Жәнібек хан Асанқайғыдан сұрады: «Мен Аштарханды салдырып той қылдым, онда келмедің, бір кішкене баланың терісін кестіріп той қылдым, онда келдің, соның себебі не?»— деді. Сонда Асан айтады:

«Аштарханды салдырдың, бармадым, оның себебі — оның мекенатын кім көрсе, рахатын сол көреді». Сонда Жәнібек: «Осы ноғай ішінде кім би?»— деді. Сонда Асан: «Біздің Абат би»,— деді өзінің жалғыз баласын.

«Кім ер?»— деді Жәнібек. «Біздің Абатжан ер»,— деді Асан. «Кім мерген, атқыш?»— деді. «Біздің Абатжан мерген»,— деді. «Кімнің іші кен?»— деді. «Біздің Абатжанның»,— деді. Сонда Жәнібек ойлады: «Әй, бок сақал-ай, осының жалғыз баласынан басқа ноғай тұмаған екен ғой»,— деп.

Әділ Жәнібектің бір қаршығасы бар еді, оны бір жабайы қаршыға аң алдырмай қуып келіп тығады екен. Әділ Жәнібек: «Әй, Абат, сен мерген болсан, сол жабайы құсты атып бер»,— деді.

Абат пен Әділ Жәнібек аңға шықты. Құсын аңға салып еді, жабайы құс тағы да қуып келді. Абат мұны атып қалып еді, жабайы

құстын құйрығын айырып кетіп, өзіне тимеді. Сонда Жәнібек: «Абатым, мерген емес екенсің ғой»,— деді.

Абат: «Жок, мен мергенмін, аршыл құс болса, дақ салдым, енді келмес»,— деді. «Арсыз құс болса, келер, онда ат деген жеріңнен атамын»,— деді. Бұл сөзден Жәнібек жеңілді. Сонан соң Абат елге кеткен соң, Әділ Жәнібек хан ноғайдағы ермін деп жүрген кісінің бәрін шақырып алды, соның ішінде Абат та келді. Ерлер тегіс жиналған кезде Жәнібек айтты: «Менің елімді шапқан, ала алмай тұрған жауым бар, соны алып келсеңіз»,— деді. Сонда еш жан «бас болып барамын» деп айтпады.

Сонан соң Абат тұра келіп сөйледі.

Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, ханымыз, ханымыз,
Халық билеген жанымыз,
Рұқсат болса сіздерден,
Алармыз қалмақ қаласын,
Көрерміз оның шамасын.
Қасыма менің беріңіз
Қырымның байтақ ерлерін.

Сонла Әділ Жәнібек: «Айт, кімді аласың?»— деді.

— Бізге берсең жарайды
Артық туған Тоғанды.
Айсаның ұлы Ахмет,
Батыр Алау, ер Әмет,
Қарға бойлы Қазтуған
Аруакты ер еді.
Бұлттай желге өрлеген,
Адырнасын қолға алып,
Жарағын жауға сермеген —
Атағаны Абаттын
Өңкей асыл ер еді.—
Шынтасұлы Төрехан,
Ақжонасұлы ер Кенес,
Және берсең Тарғынды,
Бірінен бірі кем емес.
Екпінді ерлер қарқынды,
Ердін осы басы еді.
Тұтасымен қырықтың
Болады берсең,— деп еді.
Абат мерген бас болып,
Қасында бар қырық жігіт,

Шығып елден жөнөді.
Алыс емес арасы,
Тек екі айлык жол еді.
Есенказак түлейі
Іші калың ну еді,
Түбі тайыз су еді.
Калмактың жері бұл ел деп,
Елден шыға кырык батыр
Сонда кетіп барады.
Түлкі жүрмес түлейден
Түнде жүріп өтеді.
Қарсак жүрмес қалыннан
Қака жарып өтеді.
Сайланған өңкей батырлар
Женсіз берен ол киді.
Қолына ұстап найзасын,
Ат құйрығын шарт түйді,
Беренді беліне нык байлап.
Бір мезгілде күн батты,
Күн артынан таң атты.
Жортып сонда желеді,
Қакпай кірпік біреуі.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Әлі жортып келеді.
Қаратүлей камыстын
Ішіне сонда енеді.
Қака жарып камысты,
Ат тұяғы жанышты.
Қасындағы көлшікке
Суарып атын алады.
Азғана жел кактырып,
Тағы да мініп алады.
Жортуылмен кырык батыр
Әлі кетіп барады.
Есенказак түлейге
Тағы да еніп қалады.
Бір мезгілде ерлер тұрады
Бірімен бірі кенесіп
Қай жағынан жаудың тиюді.
Ерлер сонда қарады,
Аттанған қолды көргенде,
Қашты калмак қалаға.
Сонда ерлеріне Абат сөйледі:

— Әй, ерлерім, ерлерім,
Артық туған беглерім!
Қалмақ алды хабарды,
Мықтап белді буалық.
Бірінші қолды бастаған
Асанның ұлы ер Абат.
Екінші қолды бастаған
Айсаның ұлы Ахмет.
Үшінші қолды бастаған
Қайтпас батыр ер Тоған.
Қойшы менен түйеші,
Жылқышы мен бадашы —
Ханына барды шұбырып
Қалмақтың барша баласы:
— Әй, ханымыз, ханымыз,
Кеудедегі жанымыз,
Еліне келді көп әскер
Өңкей сауыт киінген,
Астына мінген бедеуі,
Батырлар өңкей жиылған.
Қашып саған келдік біз,
Еліне халқын жинашы,
Сол бір келген ерлерден
Артық туған сен болсан,
Халықты алып сен қалшы.
Елге келіп тиген соң,
Жау екенін бұл білді.
Сонда ханын қаттанып,
Жеңсіз берен бұл киді.
Кілен темір киініп,
Қасына алып ол жүрді
Туған екі баласын.
Қасына алып жүз батыр,
Қаланың шықты шетіне.
Сол уақыт болғанда,
Ноғай да келді қарысып,
Бұлар да алды көк берен,
Келді қарсы екі қол.
Үсті-үстіне жиылды,
Батырларға да болды жол.
Сонда шығып келеді,
«Жекпе-жек!»— деп желеді.
Келді менің тұсым деп.

Қасындағы ерге карамай,
Шыға Абат жөнелді.
Сонда карсы келеді,
Қарсы келіп тұрғанда,
Қалмақтың ханы сөйледі.
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, ноғайсын, ноғайсын.
Ақ найзанды шүйіріп,
Кімге, залым, карайсын?
Көк беренің қолында.
Жалғзыннан жабыскыр.
Соғысуға қалайсын?
Шытырайып карайсын,
Шытырайып карасан,
Көзінді сенің оярмын,
Қанынды ұрттап тоярмын,
Кесіп басынды, жоярмын.
Менің тегім сұрасан,
Қалмақ деген ел едім,
Ішіндегі қайтпас ер едім.
Сен қасымда қой болсан,
Мен бір арлан бөрі едім!
Қасымдағы тоқты-торымды
Ауызға салып жер едім!
Бұл сөзді естіп ер Абат,
Қаһарланып сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Мен ноғайдын ері едім.
Ноғайлы байтақ ел еді.
Қасымда бар қырық батыр.
Әрқайсысы мың кісі,
Қырық мың кісі қол жатыр.
Әй, ақылсыз, сен ақымақ.
Кішкене ғана шыдасан,
Шекене тиер қол тоқпақ!
Қалмақ қылды қаһарды.
Сонда тұрып ұмтылды.
Бір-біріне қарсы шабысты,
Найзаласып қағысты.
Қылышпенен шабады.
Абат батыр ол тұрып
Сонда шапты қылышпен.
Онда да қылыш өтпеді.

Аттан түсе калысты,
Жағаласты салысты,
Ақырында, не керек,
Жан шығуға дейін барысты.
Карт бурадай камданып,
Сонда найза салады.
Науазымдай хандардың
Құрыды сонда сілесі.
Шаршағаннан ханынның
Бүгіледі сонда тізесі.
Қалмақты жығып алады
Асанның ұлы ер Абат.
Науазымдай қалмақтың
Сонда бітті мүддесі.
Науазым хан өлген соң,
Шықты сонда баласы.
Қайратына қарашы,
Абаттайын батырға
Қарсы шапты қаскарып.
Атамның кегін алам деп,
Келіп сонда алысты.
Сүйдегенше болмай-ақ,
Ханға тиген ақ найза
Баласына ханның шанышты.
Ақ сауыттан өтпеді,
Сонда қалмақ жапырды.
Ноғайлының батырлары
Қасарысқан ер сабаз,
Олар да сонда айқайлап,
Қалмақ, ноғай арасы
Қызыл ала қан болып,
Біріне бірі шабысты.
Қалмақ пенен ерлердің
Арасы қызыл қан болды,
Көрмегенге таң болды,
Тақа қалың шаң болды.
Бір шетінен тиді ер Абат,
Бір шетінен ер Тоған,
Бір шетінен ол тиді
Айсаның ұлы Ахмет.
Ерлер келді қалмақты
Қоралаған қойдай қып,
Қамап алды қат-қабат,

Ак берені жаркылдап,
Суырды алмас колына,
Кәпірдің түсті сонына.
Шапты ерлер ту байлап,
Найзалары колында,
Ерліктің жүрген соңында.
Батырлар ерік бермеді,
Жиналды калмак баласы,
Тұс-тұсынан қылыш сермеді.
Кетерін білмей ол қайда,
Біріне бірі тығылып,
Қалмақты сонда кернеді.
Қысылып сонда сасады,
Ортада қалған кәуірдің
Сұсы жаман кашады.
Сыртына кеткен қалмақтың
Айсаның ұлы Ахмет
Жібермей, сырттан тосады.
Оны қоймай қырады,
Қаланың ішін қандатып,
Шарбақтарын шаңдатып,
Жамыратқан қойдай маңыратып,
Би мен төре, бектерін
Өнменінен кірген найзаға
Жанын оның корлатып,
Талай калмак сандалды.
Ең далада қаңғырып,
Кетті ханның баласы.
Екі бірдей баланың
Атының жүйрік болғаны,
Жете алмай қалды, қарашы.
Сол екеудің артынан
Ерлер мініп Телкүрен,
Асанның ұлы ер Абат,
Айсаның ұлы Ахмет,
Батыр туған ер Тоған,
Шынтасұлы Төрехан —
Төрт ер кетті қат-қабат.
Белес-белес бел өтті,
Арада неше тау өтті,
Абаттың мінген Күренше
Аспанға қарғып ойнады.
Қолға ұстаған ак найза,

Болады жанға ол пайда.
Сонда бір таудан өтіпті,
Екі бірдей жас бала
Үш күндік жерге жетіпті.
Ат құйрығын сабылтып,
Қара терге малынтып,
Аюдайын акырған,
Қалмактар оған бас ұрған.
Кеткен асып баланын
Артынан келді төрт батыр.
Шықты алдына ер Абат
Найза ұшына ту байлап,
Онан соң жүріп келеді
Айсанын ұлы Ахмет,
Онан жүріп ер Тоған,
Ең артында келеді.
Ақ найзасын өңгерген,
Айыбы жас демесен,
Азын көпке теңгерген
Шынтасұлы Төрехан.
Алдындағы баланын
Сонда тұрып үлкені
Артына бір қарады.
Сонда үлкені інісіне сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ай, канатым, канатым,
Қолыма ұстар болатым.
Артымыздан жау жетті ғой,
Дәрмен бізден кетті ғой
Арыстандай акырған,
Қалмак деген халқымның
Иесі еді аңқыған.
Ноғайлының ерлері
Әкемізді өлтірді
Және қуып келгені
Біздердің де артымнан.
Ұшы болат ақ найза,
Оны бір қолға алалық.
Қорамсаны қолға алып,
Соғысамын деген ноғайға
Жақын біз де баралық.
Аш арыстанша алысып
Ноғайменен қаралық.

Ерлер келді қасына.
Келді екен деп оларды
Алмады балалар есіне.
Әуелінде кашса да,
Аз екенін көрген сон,
Шошынып тізгін жимады.
Екі бір жас баланың
Қорықпасын көрген сон,
Абат сонда долданды.
Беренге батыр сыймады.
Ақ сүнгісін қолға алып,
Сол балаға баруға,
Барып кегін алуға,
Кетті сонда ер Абат.
Қарт арыстандай қасқарып,
Келіп Абат сөйледі,
Сонда да тізгін жимады:
— Әй, сен қалмақ, сен қалмақ,
Кегім бар сенде аламсақ,
Жерінді сенің мен алдым,
Әкенді сенің өлтіріп,
Қалмақ, алдым қалаңды.
Кетіп қайда барасың,
Тарттырармын сазанды.
Қорықпаймын деп ойлайсың,
Білмейсің, бала, шаманды.
Сонда бала сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Келдің жетіп сен,— деді,—
Ызғарынды бетке шашсаң да,
Ауызынды ашсаң да,
Қорықпаймын мен,— деді.—
Жекпе-жекке келсең сен,
Алысам десен, кел,— деді.
Батырлар жауға жасанды,
Ақ найзаны қолға алып,
Ат үстінде найза салысты.
Қақырғаны қан татып,
Түкіргені жын татып,
Ерлердің жүрек қабынды-ай.
Қызған сайын ерлердің
Мандайдан тері ағылып,
Иленді ерлер сабындай.

Асанның ұлы ер Абат
Акберенмен шабады.
Коса тұрып тағы да
Жағаға қолды салады,
Оны жұлып алады.
Шапқан оның қылышы
Тарылтты қалмақ тынысын.
Ағасы оның өлген соң,
Кішісі сонда шабады.
Қарт қояндай қаскарып,
Қарсы келіп қалады.
Ханға тиген ақ сүнгі,
Оған да Абат салады.
Тілге келмей ол дағы
Тезірек өліп қалады.
Ағасы мен інісін
Абаттың өзі алады.
Салдырлаған көк темір,
Артындағы тұлпары
Адыра есіз қалады.
Асқар таудай жүрегі
Ағалы-інілі екеудің
Бітті тезден ажалы.
Қарға менен сауысқан
Еттерін жеп тауысқан.
Абат пенен ер Тоған
Жетекке алып аттарды,
Қалмақтың еліне жөнеді.
Баяғы өткен жерлермен
Өтіп кетіп барады.
Баяғы өткен көлшіктен
Ат суарып барады.
Елге жуық келгенде,
Ілгері озды хабарға,
Елге жақын баруға
Абат пенен ер Тоған,
Айсаның ұлы Ахмет —
Үшеуі кетті ілгері.
Жәнібек Әділ хандарға
Келіп, хабар береді.
Оған хабар берген соң,
Еліне қайтып келеді.
Асанқайғы қартына

Иіліп сәлем береді.
Сонда Асан сөйледі:
— Аман-есен келдің бе,
Құлыным, жалғыз сен,— деді.—
Және де аман келді ме
Қасындағы күрбы-күрдасын?
Есен-аман сен барып,
Қалмақтарды алдың ба,
Құлаттың ба ордасын?

Ел-жұртымен амандасып, арада екі ай өткенде, хан тағы да бір нәрсе ойлады. «Бұл Абат шыдамды деп еді, осыны тағы да бір сынайын»,— деді. Бір күні Абат түннен тұрып жылқыға кетті. Әйелі үйінде жылы төсекте жатыр еді. Хан елен-алаңнан бір тісінен басқа ақ жері жоқ құлды жіберді: «Сен соның әйелі төсектен тұрмай барып, қойнына құшақтап кіріп жатып ал. Егер қызғаншак болса, іші тар болса, сені келіп ұрар, ұрса да тұрма»,— деді. Сонда құл келіп, Абаттың әйелін құшақтап жатады. Күн түс болды, соған дейін екеуі тұрмайды. Бір мезгілде Абат үйіне келсе, әйелі мен құл екеуі құшақтасып жатыр екен. Абат жайменен келіп, әйелінің қолын еркектің мойнынан алып, еркектің қолын әйелдің белінен алып тастап, өзі жылқысына кете береді. Сонан кейін құл тұрып, үйіне кетеді. Онан кейін Абат әйеліне еш нәрсе айтпайды. Сонан кейін Абатты Жәнібек шақырады. Шақырғанын біліп, Асанқайғы баласына сөйледі:

— Әй, ер Абат, ер Абат,
Сөзімді тыңда сен, Абат.
Тілегінді айт десе,
Шаттың бойын сұрашы:
Бақашығы білектей,
Баттауығы жүректей,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған.
Баттауықты шалғынға
Шөккен түйе таптырмас,
Балығы жылқы жаптырмас
Балдырғанды көл еді.
Көлгірсіген құба дөн
Талайдан қалған жер еді.
Бір жағын оның сұрасаң,
Түйе менен қойға жай.
Бір жағы оның тағы да
Жылқы, сиыр малға жай еді.

Анығын оның сұрасан,
Ноғайлының жиналған
Ашы менен арығы,
Пакыры мен мүскіні,
Аштарына балық бар еді,
Ол да соған жай еді.
Жәнібекке барсаң сен,
Сұрашы, балам, сол жерді.
Берсе егер ол жерді,
Шынғырлаудан кетерміз,
Шатқа таман жетерміз.
Ноғайды ертіп барып біз,
Атын бөлек етерміз.

Сонан соң Абат жалғыз өзі ханға барды.

Сонда ханын сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Әй, ер Абат, ер Абат,
Әкең мерген деген соң,
Оны да мен сынадым.
Екінші рет келгенде,
Ерлігінді сынадым,—
Қалмақтың алдың қаласын.
Билігінді сынадым,—
Жиылып тұрған ерлерге
Ашып жауап бастадың.
Кендігінді де сынадым,
Не тілесен де беруге,
Батыр, саған бастадым.
Сонда Абат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Тілегімді тілесем,
Шаттын бойын беріңіз.
Сонда хан сөйледі:
— Ай, ер Абат, ер Абат,
Үйіндегі бок сақал,
Айтты саған ол қалай?
Тіле дедім, мен бердім,
Бердім, енді ала бер,
Мекенденіп бар да көр.

Сонда Абат тілегін алған соң, еліне келіп түсті. Сонда елінің жақсы ақсақалдары жиналып келді. Сонда ауылдың бір кісісі тұрып айтты:

— Ай, Абатым. Абатым.
Ұстаған қолға болатым,
Ханға барып не алдың?
Абат сонда оларға
Тұра келіп бүй деді:
— Жасың үлкен ағалар,
Туған бұрын даналар,
Болып қабыл тілегім,
Шаттын бойын мен алдым.
Аяғында көп балық бар,
Бара берсең сол жерге
Бізге таби¹ халық бар.
Сонда Асанқайғы сөйледі:
— Жиналған көп халықтар,
Ноғайлының аш-арық,
Сол бір жақсы қонысқа,
Адам менен айуанға
Жем болады тегіс-ті,
Жері жақсы, келісті.
Аты оның болсын Жем.
Анығын оның сұрасаң,
Толып жатқан балық-ты.
Сол балықты алған соң,
Жарлысы байға тенеліп,
Байдан болмас ол да кем.
Ақсақалдар тұрады,
Үйлеріне барады.
Әйеліне олар келіп:
«Үй жық»,— деп айғай салады.

Олар сөйтіп айғайлап жатқанда Асанқайғы айтады: «Бүгін еру болып, ертең таң ата көшерміз»,— дейді.

Бір мезгілде күн батты,
Шолпан туа олар да
Үйдің бәрін босатты,
Ағарып сонда таң атты.
Үйді сонда жығады,

¹ Таби — тектес, аталас деген мағынада.

Өгізге жегіп арбасын,
Мәстекке жегіп шанасын,
Малдарына жүкті салған соң,
Ноғайлынын аш-арык
Шатқа кетіп барады.
Асанқайғы, ер Абат
Сол ноғайды бастап жөнеді.
Ондаған малы, бар лағы,
Қозыларын маныратып,
Айдап сонда келеді.
Сол көшумен арада
Екі-үш күн жол жүреді.
Аман-есен ол барып,
Жемге сонда қоныпты.
Асан менен Абаттын
Айласымен аш-арык
Қалпына келіп тоғайып,
Сонда бай ел болыпты.
Сорлысы байға тенеліп,
Тұрақтап Жемде қоныпты.
Алдыңда Шат болса да,
Асанқайғы қонған соң,
Оның аты Жем болыпты.
Пайдасы оның көп болып,
Талай ноғай қоныпты.

* * *

Тоған мен Абаттың Тулақ ханға баруы.

Арада бір-екі жыл өткеннен кейін, Тоған батыр ой ойлайды: «Осы калмак елімді шауып еді, жол болса, соған Абатты ертіп барып, кеткен кегімді алайын». Сонан соң Абатқа барып отырып, Асанқайғы қартқа сөйледі:

— Әй, ағамыз, ағамыз,
Болдың бізге панамыз.
Ноғайдың жетім, жесірін
Қойдай айдап сен бақтың.
Аш-арык болған ноғайға,
Пана болып оларға,
Тамақ беріп, жем таптың.
Мен бір қиял ойладым,
Сол қиялға жетуге.

Мен бір жауға кеткенде,
Қаланың келіп шетіне.
Қалмақ шіркін тиіпті,
Олжаны онай бөліпті.
Жетім-жесір ол алып,
Еліне қарай кетіпті.
Сол тұрған қалмаққа
Барсам мен деп ойлаймын.
Сол қалмаққа мен барсам,
Қалмақтан барып кек алсам.
Жалғыз жауға баруға
Келмеді оның ынғайы.
Абаттайын баланды
Қасыма қоссан деп едім.

Сонда Асанқайғы баласы Абатқа сөйледі:

— Әй, Абатжан, Абатжан,
Ноғайлының ері еді,
Келіп тұр саған ағаныз,
Жаулы жерде қаланыз,
Аған алсын кектерін,
Сол бір жауға барасын,
Атаңның тілін аласын,
Сөзіме құлақ салмасаң,
Құрттын атаң шарасын.
Жібермей кекті дұшпанға,
Ағаңмен барып аласын.
Егер жауды алмасаң,
Не болғаның, Абатым?!
Сонда Абат сөйледі:
— Айналайын жан баба,
Жау қаһарын сен бастың.
Айла менен білгірлік —
Бәрін жұмсап халқыңа,
Өз халқыңнан сен астың.
Бар десең, мен барайын,
Ағамменен қосылып,
Ерегескен дұшпанға
Соғыс салып қарайын.
Алыс сапар шегіп жол,
Әуелі — халқым, екінші —
Ата менен ана үшін,
Дұшпанға бермей кегімді,

Төгилмес беттен ар үшін,
Қатын мен бала үшін,
Жерге тamar қан үшін,
Желге кетер мал үшін,
Әуелі — Алла, екінші —
Пірлеріме сыйынып,
Бекініп белді буынып,
Қалмақтың жерін басайын,
Ағамменен қосылып!
Кім үшін тудым әуелден,
Ерегескен дұшпанға
Халқымды мен бермейін.
Ортасына халқымның
Шыбын жанды салайын.
Сол сөзді айтып ер Абат,
Бадана көзді берік сауыт
Баса үстіне киеді,
Беренін белге байлады,
Басына киіп дулыға,
Алыс жолға жүруге,
Берендіктеп, белдіктеп,
Шұғаменен терліктеп,
Жемге байлап үш-төрт күн
Көк тұлпарды қояды.
Үш-төрт күні өткенде,
«Барамын, аға, мен, — деді. —
Атың болса, бапташы,
Найзан болса, сапташы,
Қылышыңды тапташы,
Барамын, аға, мен», — деді.

Сонан соң Тоған батыр еліне қайтып келіп, үш-төрт күн біткен күні Абат әкесіне келіп сөйледі:

— Әй, жан атам, жан атам,
Мен де сізден туған балапан,
Балапан ұшар қияға,
Атасы бар деп бұйырса,
Баласы бармай бола ма?!
Ата, келдім өзіне,
Алыс жолға кетуге,
Қалмақ елге жетуге,
Сұрай келдім ақ бата.
Алыс жолға кетеміз,

Қош, көргенше дүниеде,
Жаксы болғай күніміз.
Алла нәсіп айдаса,
Қайтып бір күн калармыз.
Көлгірсіген жерлерді,
Ұзыннан жатқан көлдерді
Бір күн келіп көрерміз.
Атасы батасын береді:
— Қолынды жай, Абатжан,
Берейін бата мен, — деді. —
Ұлсыздарға ұл берген,
Қызыздарға қыз берген,
Жалынып тілек еткенде,
Болдыртқан қабыл тілегін
Алланың шері аршылан —
Баба түкті Шашты Әзіз
Қолтығыннан демесін!
Қызыр ата, қырық шілтен,
Қыдыр менен Ілияс,
Олар да болсын жолдасын!
Қысылған тайғақ, тар жерде
Қолтығыннан жебесін,
Қолыңнан ұстап, демесін!
Сонда Абат желеді,
Тоғанға қарай жөнеді.

Тоғанның ауылына келіп, Тоғанмен екеуі үш айлық жолға шығып кетеді.

Ерлер сонда желеді,
Астына мінген тұлпары,
Елден шығып кеткен соң,
Арада неше күн жүріп,
Бірнеше асты төбеден,
Бірнеше асты өзеннен,
Бірнеше асты дөңдерден.
Және кетіп барады
Белес-белес белдерден,
Және өтіп барады
Бетегелі боз бұйрат,
Шөбі қалың жерлерден.
Және өтіп жөнеді
Мұнарланған биік таулардан.
Екі батыр жапанда